

*«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ  
«BILIM QAZYNA» КММ  
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК*



*2025-2026 оқу жылында ұйымдастырылған  
әдістемелік жұмыстың жылдық есебі*

*Ақтөбе 2025-2026 ж.*

**№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК туралы мәлімет (мекен жайы, оқыту тілі, топ саны, бала саны, кадрлармен қамтамасыз ету)**

**Атауы:** №35«Балбұлақ» балабақшасы МКҚК  
**Мекен жайы:** Жаңақоныс елді мекені, «Б» кварталы, 67 «А»  
учаскесі тел: 53-39-20

**Құрылтайшы:** Ақтөбе қалалық әкімдігінің 22.10.2012 жылы №3265 қаулысы, ҚР-ның 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-ІҮ «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес

**Тіркеу номері:** №1852-190401-МК 2012 жыл 22 қараша

**Меңгерушісі:** Ермаганбетова Марал Сахиевна

**Проект қуаттылығы:** 150 бала

**Мекеме ашылу жылы:** 2012 жыл

**Оқыту тілі:** қазақ тілі

**Күн тәртібі:** 5 күндік

**Топ саны:** 6 топ

**Балалар саны:** 150

**Оқыту – тәрбиелеу процесін** 16 педагог жүргізеді

**Олардың ішінде:** Тәрбиеші – 12  
Музыка жетекшісі – 1  
Психолог – 1  
Әдіскер – 1  
Меңгеруші – 1

**Білімі:** жоғары – 15, аяқталмаған жоғары – 0, арнаулы орта – 1

**Біліктілігі:** II санатты басшы – 1, «Педагог-зерттеуші» - 3 «Педагог-сарапшы»  
- 8, «Педагог-модератор» - 4, санаты жоқ - 0

## Жалпы сипаттамасы

«Ақтөбе қалалық білім бөлімінің» ММ №35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК 2012 жылдан бастап қолданысқа берілді. Балабақша 5 күндік жұмыс күні тәртібімен жұмыс жасайды. Жобаның қуаттылығы 150 орындық. Жалпы бала саны - 150

Балабақшада оқу тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалған. Топ бөлмелері, біріктірілген музыка және дене тәрбиесі залы, медициналық кабинет, асхана, әкімшілік бөлмелері бар.

### Материалдық техникалық базасы


Балабақшада 6 топ: екі ортаңғы топ, екі ересек топ, екі мектепалды даярлық тобы бар. Алты топтағы оқыту мен тәрбиелеу және ойын бұрыштары құрал-жабдықтар мен ойыншықтар, жиһаздармен жабдықталған. Заман талабына сай ақпараттық-техникалық құрал жабдықтармен қамтылған. Медициналық кабинеті СанПИН ережелеріне сай медициналық құралдар және жиһаздармен қамтамасыз етілген. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтау, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздіктерін сақтау бойынша уақытылы нұсқаулықтар мен тіркеу журналдары жүргізіледі. Электр жүйелерінің жағдайы техникалық нормаларға сәйкестендірілген, өрт дабылдары орнатылған. Жер аумағындағы барлық үлескелерде ойын құрылғылары, күркелер мен ойнау орындары бар.

**Педагогикалық кадрлар туралы мәлімет** II санатты басшы – 1, «Педагог-зерттеуші» - 3 «Педагог-сарапшы» - 8, «Педагог-модератор» - 4, санаты жоқ – 0

Барлық педагогтар саны - 16. Олардың жоғары білімдісі - 15, аяқталмаған жоғары жоқ, арнаулы орта білімді - 1. 2024-2025 оқу жылында «Екінші санатты басшы» біліктілік санатына : меңгеруші Ермаганбетова М.С., «Педагог-сарапшы» біліктілік санатына : тәрбиеші Камыспаева Г.К., «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатына : Ешмагамбетова З.Е., «педагог-модератор» біліктілік санатына : Канаева Р.өтініш білдірді, тағайындалды. 2025-2026 оқу жылында «педагог-зерттеуші» санатына тәрбиешілер: Нурписова Г.К., Ержан Г.А., психолог Байтлеуова Г.Т. құжаттарын жинақтап, шілдеде тест тапсыруға дайын отыр. 2025-2026 оқу жылында біліктілігін арттыру курстарына 6 педагог, Республикалық оқыту семинарларына 7 педагог, облыстық оқыту семинарларына 9 педагог, қалалық семинарларға 8 педагог, конференцияға 2 педагог қатысып сертификаттар алды.


Жыл	Барлық педагогтар саны	Санаты бойынша													
		жоғары	%	I санатты	%	Педагог-зерттеуші	%	педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	II санатты	%	Санаты жоқ	%
2023-2024	16	1	6,2	0	0	1	6,25	8	50	3	18,7	1	6,2	2	12,5
2024-2025	16	0	0	0	0	2	12,5	9	56,3	3	18,7	1	6,2	1	6,2
2025-2026	16	0	0	0	0	3	15,8	9	60,1	4	20,4	1	6,2	0	0

### Санат бойынша




### Білімі бойынша

Жыл	Барлық педагог саны	жоғары	%	Жоғ МД	%	Орта арнаулы	%	Орта арнаулы МД	%
2019-2020	18	16	88,8	10	55,5	2	11,1	2	11,1
2020-2021	17	15	88,2	12	70,6	2	11,7	2	11,7
2021-2022	17	15	88,2	12	70,6	2	11,7	2	11,7
2022-2023	16	15	93,7	15	93,7	1	6,2	1	6,2
2023-2024	16	15	93,7	15	93,7	1	6,2	1	6,2
2024-2025	16	15	93,7	15	93,7	1	6,2	1	6,2
2025-2026	16	15	93,7	15	93,7	1	6,2	1	6,2



**№ 35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК педагогтарының біліктілігін арттыру курсы мен оқу-семинарларға қатысуы бойынша мониторинг**

Жыл	Барлық педагогтар саны	Халықаралық	Республикалық	Шеберлік орталық	Облыстық	Қалалық	Өзін-өзі тану
2019-2020	18	3	6	1	7	1	-
2020-2021	17	5	10	2	12	4	-
2021-2022	17	3	4	2	14	7	-
2022-2023	16	0	10	4	16	7	-
2023-2024	16	2	6	1	16	8	-
2024-2025	16	0	1	0	15	15	-
2025-2026	16	3	5	1	16	10	-



**Оқыту тілі бойынша топтардың бөлінуі**

Балабақшада 6 топ бар. Барлық топтардың оқыту және тәрбиелеу тілі-мемлекеттік тілде.

**Оқу тәрбие процесінің мазмұны**

Оқу-тәрбие жұмысы 28.08.2025 ж. Кезекті педагогикалық кеңесінде талқыланып бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту-үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретінде мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. №35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК 6 қазақ тобында 150 бала тәрбиеленуде. Ортаңғы тобы-2, ересектер тобы-2, мектепалды даярлық тобы-2. Оқу жүктемесіне бес білім беру дағдысы кіреді: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет». Базалық оқу жоспарында әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүктемесінің шеңбері белгіленген.

## 2025-2026 оқу жылындағы мақсат міндетіміз:

### Мектеп жасына дейінгі балаларда біртұтас тәрбие бағдарламасын қалыптастыру

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің біртұтас тәрбие бағдарламасының балалардың жеке тұлға болып қалыптасып дамуына жаңа әдіс-тәсілдермен жету.

### Мектепке дейінгі мекемеде заттық кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру

**Мақсаты:** баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану.

Оқу жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпығаміндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

Министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (өзгеріс: 09.09.2022 ж. №394 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен (өзгеріс: 14.10.2022 ж. №422 бұйрығы) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2025–2026 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды, Мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда белгіленген санитарлық – гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

2025-2026 оқу жылында біліктілігін арттыру курстарына 10 педагог, Республикалық біліктілігін арттыру курсына 1 педагог, қалалық семинарларға 15 педагог, оқыту семинарына 15 педагог қатысып сертификаттар алды.

## Курстар мен семинарларға қатысу:

№	Педагогтың аты-жөні	Мерзімі, №	Тақырыбы	Курстың өткен жері
1	Жумабаева Ж	25.08-08.09.2025 № 135761	«Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 80 сағат	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
2	Тугелбай А	25.08-08.09.2025 № 135751	«Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 80 сағат	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
3	Марал С. Жансая С. Ардақ Зухра Айнаш Гульбану Лалагул Сандуғаш Жазира Гүлжанат Гульмира Гульмира Галия Зульфия Гулзайнап	02.10.2025	«Оқу үрдісі және ЖИ:генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері» бағдарламасы	«Өрлеу» БАҰО АҚ
4	Толыбаева Л.М.	24.11-06.12.2025ж №0202	2025ж. «Кедергісіз білім: білім беру үдерісіндегі инклюзия мен тең мүмкіндіктер»	“Педагогтар мен Психологтар академиясы” ЖШС
5	Канаева Рада	24.11-06.12.2025ж	2025ж. «Кедергісіз білім: білім беру үдерісіндегі инклюзия мен тең мүмкіндіктер»	“Педагогтар мен Психологтар академиясы” ЖШС
6	Тугелбай А.Қ	24.11-06.12.2025ж	2025ж. «Кедергісіз білім: білім беру үдерісіндегі инклюзия мен тең мүмкіндіктер»	“Педагогтар мен Психологтар академиясы” ЖШС
7	Зульфия	01-12.12.2025 №168184	«Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 80 сағат	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
8	Гульбану	01-12.12.2025 №168173	«Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 80 сағат	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
9	Гүлжанат	01-12.12.2025 №168163	«Мектепке дейінгі білім беру: балаларды ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы дамыту» 80 сағат	«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
10	Галия	26.01-05.02.2026 №0877231	«Мектепке дейінгі ұйымның заттық кеңістік даму ортасын ұйымдастыру»	«Өрлеу» БАҰО АҚ
11	Айнаш	26.01-05.02.2026 №0877232	«Мектепке дейінгі ұйымның заттық кеңістік даму ортасын ұйымдастыру»	«Өрлеу» БАҰО АҚ
12	Гулзайнап	26.01-05.02.2026 №0877245	«Мектепке дейінгі ұйымның заттық кеңістік даму ортасын ұйымдастыру»	«Өрлеу» БАҰО АҚ
13	Сандуғаш	26.01-06.02.2026 №0877235	«Мектепке дейінгі ұйымның заттық кеңістік даму ортасын ұйымдастыру»	«Өрлеу» БАҰО АҚ
14	Жаксыгүл	26.03-03.04.2026ж. №0878432	26.03-03.04.2026ж. «Өрлеу БАҰО АҚ «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру » 72 сағат (ақылы)	«Өрлеу» БАҰО АҚ

## Семинарлар:

№	Аты жөні	Мерзімі	Өтілген орны мен тақырыбы
1	Токпанова З.А Нурписова Г.К Ержан Г.А	01.12.2025	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы облыстық әдістемелік практикум
2	Ермаганбетова М.С. Нурғалиева Ж.С. Нурписова Г.К. Джумағалиева А.И. Байтлеуова Г.Т. Ержан Г.А.	11.11.2025	«BILIM QAZYNA» КММ «Инновациялық ойын технологияларын қолдану арқылы педагогтардың балалармен жұмыс жасаудағы кәсіби күзiретiлiгiн арттыру»
3	Нурғалиева Ж.С. Нурписова Г.К. Толыбаева Л.М. Байтлеуова Г.Т.	14.01.2026	BILIM QAZYNA» КММ «Вариативтік бағдарламалар: негізгі ұғымдар және маңызы Авторлық бағдарламалар: ерекшеліктері мен артықшылықтары»
4	Ермаганбетова М.С. Нурғалиева Ж.С. Джумағалиева А.И. Жанбырбаева С.С	15.05.2026	«BILIM QAZYNA» КММ «Балабақшаларда балалардың жас ерекшелікке байланысты жасанды интелекті қолдану»

## Әдістемелік құралдар, жинақтар, іс тәжірибе тарату:

№	Аты жөні	Мерзімі	Электронды орта атауы	Шыққан жері
1	Нурписова	2025	«Зерек бала» Әдістемелік құрал	АОҒТО
2	Ермаганбетова	2025	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын заманауи басқарудың әдістері» Әдістемелік құрал	АОҒТО
3	Нурписова	2025	«Қауіпсіздік әлеміне саяхат» электрондық орта	АОҒТО
4	Нурписова	2025	«Қауіпсіздік әлеміне саяхат» Әдістемелік құрал	АОҒТО
5	Ержан	2025	«Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түп қазығы» Әдістемелік құрал	АОҒТО
6	Камыспаева	2025	«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік құрал	АОҒТО
7	Камыспаева	2025	«Экология әлемі: үйренміз және қорғаймыз» электронды орта	АОҒТО
8	Байтлеуова	2025	"Мектеп жасына дейінгі дейінгі балалардың танымдық деңгейін ойын арқылы дамыту". Әдістемелік құрал	Жанахуал
9	Байтлеуова	2025	"Ойнайық та ойлайық" электрондық орта	Жанахуал
10	Ержан	2025	"Мектепке дейінгі балалардың жан жақты дамуын ұйымдастыруға арналған қимыл-қозғалыс ойындары" электрондық орта	АОҒТО
11	Ешмагамбетова	2025	"Ұлттық тәрбие негізі- балабақшада". "Мектеп жасына дейінгі балалардың ата- аналарымен жүргізілетін жұмыстар".	АОҒТО

## Байқаулар мен жетістіктер:

Уақыты	Марапаттесі	Жүлде нө сертификаты номері	Өткізілген орыны	Байқау атауы
13.09.2025	МДҰ	III орын Диплом – 100 сертификат	Қалалық «Гүлдер әлемі» фестиваль байқауы «Керемет көшет»	Ақтөбе қалалық әкімдігі
02.10.2025	Марал С. Жансая С. Ардақ Зухра Айнаш Гульбану Лалагул Сандуғаш Жазира Гүлжанат Гульмира Гульмира Галия Зульфия	Сертификат	«Оқу үрдісі және ЖИ:генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері» бағдарламасы бойынша онлайн оқу	«Өрлеу» БАҰО

	Гулзайнап			
07.10.2025	Токпанова	II орын Диплом	Облыстық педагогикалық олимпиада	Ақтөбе облыстық ғылыми әдістемелік орталығы
18.10.2025	Токпанова	Сертификат+жинақ	Республикалық II ғылыми тәжірибелік конференция «Білім беру жүйесіндегі жасанды иньелект: мүмкіндіктер мен тәуекелдер»	«Шеберлік шыңы» әдістемелік орталық
10.2025	Токпанова Байсеркешова Нурписова Джумағалиева	II орын III орын	«Менің үздік тобым» облыстық байқау	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
28.10.2025	Токпанова Байсеркешова Нурписова Джумағалиева	Сертификат+жинақ	<b>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ: ЖАҢА ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР» ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ</b>	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
02.11.2025	Токпанова Байсеркешова	III диплом+сертификат	«Полимат» республикалық эвристикалық онлайн марафон	«Ақтөбе-Дарын» ӨҒЕҚББО мен «Үркер» зияткерлік орталығы
14.11.2025	Гүлдер тобы	I орын Диплом	Облыстық «Бала қиялы»	«Ақтөбе-Дарын» ӨҒЕҚББО «Самғау» Республикалық ғылыми – әдістемелік Орталығы
19.11.2025	Байтлеуова	Алғыс хат	«Ең үздік тренинг» қалалық байқауы	«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ «BILIM QAZYNA» КММ
19.11.2025	Ешмағамбетова Жаңбырбаева Токпанова Нурписова Джумағалиева Тугелбай Байсеркешова	II орын Диплом III орын Диплом Сертификат Сертификат Сертификат Сертификат Алғыс хат	«Ардақты әкелер, асыл әжелер, аяулы аналар» облыстық байқауы	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
19.11.2025	Талғат Асия МДҰ хор	III орын Диплом II орын Диплом	«Өнеріміз саған Қазақстан» қалалық байқауы	«Ақтөбе-Дарын» ӨҒЕҚББО мен «АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ «BILIM QAZYNA» КММ
19.11.2025	Токпанова	Сертификат+алғыс хат	жинақ	«Шебер педагог» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналы
23.11.2025	Алма тобы	Бас жүлде	Республикалық «Жас өнерпаз»	Үміт шығармашылық орталығы
01.12.2025	Айгөлек Гүлдер тобы	I орын	«Республикалық «Үркер» зияткерлік марафон Палитра» халықаралық	«Ақтөбе-Дарын» ӨҒЕҚББО мен «Үркер» зияткерлік орталығы
01.12.2025	Токпанова З. Нурписова Г. Ержан Г.	Алғыс хат Сертификат	Аттестатталушы педагогтің озық тәжірибесін жинақтау» обл.практикум	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
26.11.2025	Бектұрсын Р-Ержан Гүлжанат	II орын Диплом	Қалалық «Менің Отаным Қазақстан»	АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ «BILIM QAZYNA» КММ
06.12.2025	Айгөлек Гүлдер	II орын Диплом	«Дарындылар әлемі» байқауы	«Нокин» мәдениет үйі

13.01.2026	Балдырған	I орын Диплом	Республикалық «Күй-күдіретті әуез.ортақ әуен-жарқын әуен»	
14.02.2026	Балдырған Толыбаева Л. Тугелбай А.	«Бас жүлде»	Қалалық МДҰ арасында «Хормен ән салу»	«Әдістемелік кабинет» КММ
16.01.2026	Гульмира Т Гульбану Гүлжанат Гульмира К	II орын	олимпиада	АОӘО
06.04.2026	Айгөлек хор Балапан вокал Балапан би Бектұрсын мәнерлеп оқу	Бас жүлде I орын Диплом II орын Диплом Бас жүлде	«Нұржауған 2026» республикалық байқауы	«Үміт» шығармашылық орталығы
11.04.2026	Гүлдер – аспаптар МАД тобы- би	Бас жүлде	Жас дарын 2026 республикалық байқау	«Ақтөбе-Дарын» ӨФЕКББО
14.04.2026	МАД тобы Толыбаева Л.	Бас жүлде	«Орта Азия билері 2026» қалалық кезеңі	«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ «BILIM QAZYNA” КММ
13.04.2026	Нурписова Г	II орын Диплом	«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» қалалық деңгейі	АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ «BILIM QAZYNA” КММ
14.04.2026	Айгөлек Гүлдер тобы Алма	I орын	«Республикалық «Үркер» зияткерлік марафон «Негетай» Халықаралық	«Ақтөбе-Дарын» ӨФЕКББО мен «Үркер» зияткерлік орталығы
24.04.2026	Балдырған тобы Тугелбай Ардақ Толыбаева Лолагул	Бас жүлде Алғыс хат Алғыс хат Алғыс хат	«Кішкентай ханзада мен ханшайым» балалар байқауына	«Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту орталығы» мен «Геолог мәдениет үйі»
26.04.2026	Бекмағанбет Д. Марат Н. Қанаева Р. Камыспаева Г. Мұрат Е. Ерсұлтан Д. Ешмағамбетова З. Жанбырбаева С. Толыбаева Л. Тұрлан Е. Нұрғожа Т. Би-гүлдер тобы Айгөлек тобы Джумағалиева А. Нурписова Г	Бас жүлде Бас жүлде Диплом Диплом I орын Диплом Бас жүлде Диплом Диплом Диплом II орын Диплом II орын Диплом Бас жүлде II орын Диплом Диплом Диплом	«Айналайын» VII республикалық көпжанрлы шығармашылық	Zhuldyz star

## ҮІІ. Оқыту мен тәрбиелеудегі бағдарламалар туралы мәлімет

Топтар	Бағдарлама атауы	Аптадағы жүктемесі
Ортаңғы тобы-2	«Би билеп үйренейік»	72
Ересек -2		72
Мектепалды тобы- 2		72
Ортаңғы тобы-2	«Тілашар»	72
Ересек -2		72
Мектепалды тобы- 2		72
Мектепалды тобы- 2	«Зерек бала»	72

### **ҮІІ. ҚР «Тіл туралы» Заңының орындалуы, нәтижесі**

№35«Балбұлақ» балабақшасы МКҚК ҚР «Тіл туралы» Заңының орындалуы мақсатында белгілі жүйелі жұмыстар жүргізілді. Оқу жылының басында жоспар құрылып, қажетті жағдайларды ұйымдастыру, балалармен, ата-аналармен қызметкерлермен жүргізілетін іс-шаралар жоспарланды. Мекемеде іс қағаздарын жүргізу мемлекеттік тілде, стендтер мен берілетін ақпараттардың барлығы дерлік қазақ тілінде жүргізілді. Балабақшаішілік тіл сайыстары мен байқаулар, ертегі сахналау, ұлттық бұйымдар көрмелері ұйымдастырылды. Педагогтар мен барлық қызметкерлер «Бала мен балабақша», «Балапан бағы», «Мектепке дейігі оқыту», «Ертегілер әлемі», «Ертегілер елінде», «Ақтөбе», «Егеменді Қазақстан», «Ақтөбе ұстазы», «Өзін-өзі тану», «Отбасы және балабақша», «Балабақша меңгерушісі мен әдіскері» т.б. әдістемелік қоғамдық саяси басылымдарға жазылды.

#### **Салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарына талдау**

№35«Балбұлақ» балабақшасы МКҚК негізгі мақсаты- Мектеп жасына дейінгі баланың өміріндегі қауіпсіздік мінез-құлық негіздерін қалыптастыру бойынша алған білімдерін қорытындылау және тәрбиеленушілердің экологиялық білімдерін тереңдету және кеңейтуге бағытталған. Бұл үшін алдын ала жоспар құрылып жыл басынан ойын алаңдарын жабдықтау, біріктірілген музыка және дене шынықтыру залына дене шынықтыру құрал –жабдықтары толықтырылып, балалардың тұлғаларын дұрыс дамытуға жағдайлар жасалуда. Сауықтыру шаралары мен дәрумендер күнделікті күн тәртібіне енгізіліп қатаң бақылауға алынды. Ертеңгілік жаттығулар мен дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу-іс әркектін дұрыс ұйымдастыру, тәрбиешілер мен медбикеге жүктеліп үнемі тексеріліп отырылады. Ай сайынғы өткізілетін сауықтыру шынықтыру шаралары,массаждар, тыныс алу жаттығуларының кешені, саусақ гимнастикасы, көзге арналған гимнастика т.б. түрлі жұмыстар атқарылды. Ата-аналардың қатысуымен топтарда сайыстар өткізілді және балабақша ауласында денсаулық жолдары жабдықталды.

#### **Ата-аналармен жұмыс «Біртұтас тәрбие»**

Негізгі мақсаттарымыздың бірі - болашақ ұрпақтың өмірі мен оның қауіпсіздігін тұрақтандыру мақсатындағы жұмыстарға МДҰ-мен бірлесе жұмыс жасау. Баланың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыруда көмек көрсету, дамыту. Балалардың денсаулығын қорғау, зиянды әдеттерден аулақ болуға үйрету мақсатында бірлесе жұмыс жасау. Бала өмірінің қауіпсіздігіне тікелей жауапты екендіктерін сезіндіру. Осыған байланысты жыл басындағы жоспарының түрлері: жалпы ата-аналар жиналыстары, кеңестер беру, сауалнамалар, акциялар, дөңгелек үстелдер, ойын сауықтар, ертеңгіліктер ұйымдастырылды. «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «анаға қарап қыз өсер», «Ынтымақты отбасы» шараларында ата-аналар белсенділік көрсетті. Жаңа жыл, наурыз мерекелеріне арнап ұйымдастырылған отбасылық көрмелерге, байқауларға барлық топ ата-аналары қатысты. «Гүлдесін деп бақшамыз гүл егеміз

баршамыз» атты көктемгі көгалдандыру акциясына ата аналар топтарға гүл өскіндерін, балабақшаға көшеттер мен тұқымдар әкеліп өз көмектерін көрсетті.

### Ақылы үйірмелердің жұмыс нәтижесі

Ата-аналардың сұранысын қанағаттандыру және ерте жастан балаларды би қимылдарын үйрету мақсатында ортаңғы, ересек және мектепалды топтарында ақылы білім беру қызметі енгізілді. «Тілашар» барлық топта, «Зере бала» мектепалды тобында «Билеп үйренейік» барлық топта ақылы үйірме бағдарламалары құрылып, 25-30 минуттан, аптасына 2 рет 72 сағатқа бөлінеді.

### Басқа мекемелермен байланыс

Балабақшаның негізгі мақсаттарының бірі басқа білім беру мекемелерімен тығыз байланыс орнату болса бұл үшін арнайы жоспарлар құрылып, балалардың дене дамуы мен психологиялық көңіл күй жағдайларына жағдай жасау үшін түрлі іс шаралар жүргізілді үнемі мәдени ағарту салалары Қалалық мәдениет үйі, «Алақай» қуыршақ театры, «Т.Ахтанов атындағы драма театры», Қалалық «Геолог» мәдениет үйі, Тілдерді дамыту орталығы, Қалалық шығармашылық академиясы, «Ақтөбе- Дарын» АҚҒТО-ғымен, Халықаралық экология және инженерия ғылым академиясы және мектеппен тығыз байланыста болдық. Оқу тәрбие жұмысында осы аталған мекемелер балабақша жұмысының одан әрі жанданып жүргізілуіне өз үлесітерін қосты.

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі 2025-2026 оқу жылы

Балалардың жасы	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту				Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық-зерттеуіс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	
ортаңғы топ	50	26	18	6	8	26	16	8	23	19	18	25	7	10	32	8	
ересек топ	50	39	8	3	17	24	9	22	19	9	22	24	4	23	21	6	
мектеп алды тобы,	50	45	5	0	40	10	0	40	10	0	40	10	0	40	10	0	
Барлығы	150	110	31	6	65	60	25	62	52	28	80	59	11	73	63	14	
%	100	76	2	6	43,33	41,33	15,33	45,33	36,66	18	52	41,33	6,66	48,66	42	9,33	

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК меңгерушісі

Ермаганбетова М.С.